

2. Лобзов К.М., Смирнова, Ю.М. Коррупция как угроза национальным интересам // Вестник Поволжского института управления. – 2016. – № 1 (52). – С. 9 – 14.
3. Карпачёв Д.М. О соотношении коррупции и государственного управления: административно-правовой аспект // Вестник Воронежского университета. Серия: Право. – 2011. – № 2. – С. 279 – 287.
4. Волович В.Н. Социально-экономическая природа коррупции // Проблемы современной экономики. – 2016. – № 1 (57). – С. 44 – 47.
5. Даукаев И.М. Современные представления о сущности коррупции // Евразийская адвокатура. – 2013. – № 2 (3). – С. 87 – 89.
6. Турецкий, Н.Н. Антикоррупционная политика Казахстана на современном этапе // Актуальные проблемы экономики и права. – 2012. – № 4 (24). – С. 100 – 103.
7. Шпалтако, В.П. Коррупция в России: исторические корни и причины разрастания в постсоветское время // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». – 2016. – № 3. – С. 83 – 92.
8. Поплавский М.А. Коррупция как социальное явление // Изв. Саратов. ун-та. Нов. сер. Сер. Социология. Политология. – 2016. – Т. 16, Вып. 1. – С. 45 – 47.
9. Крайнов В.И. Роль образования в реализации национального плана борьбы с коррупцией в России на 2016 – 2017 годы // Ценности и смыслы. – 2016. – № 4 (44). – С. 42 – 50.
10. Сапарбеков Ж.С. Проблемы борьбы с коррупционными преступлениями в Республике Казахстан [// Наука и современность. – 2012. – № 19 – 2. – С. 222 – 228.

ӘОЖ 343.2/7

ҚР ЖӘНЕ ҚХР ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ

Балтагожин А.М.

(заң ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті)

Аңдатпа

Осы мақалада Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы Қылмыстық кодекстеріндегі қылмыстық жауапкершілікті талдау қарастырылады. Зерттеуде негізгі орынды қылмыстарға қарсы тұру саласындағы Қазақстанның қылмыстық жауапкершілігін жетілдіру бойынша шаралар және олармен күресте ҚХР ның тәжірибесін пайдалану алады.

Түйінді сөздер: мемлекет, қылмыстық жауапкершілік, заңнама.

Аннотация

В настоящей статье рассматривается анализ уголовной ответственности в Уголовных кодексах Республики Казахстан и Китайской Народной Республики. Основное место в исследовании занимают меры по совершенствованию уголовной ответственности Казахстана в сфере противодействия преступлениям и использование опыта КНР в борьбе с ними.

Ключевые слова: государство, уголовная ответственность, законодательство.

Annotation

This paper deals with the analysis of the criminal liability in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and China. The main place in the study take measures to improve the criminal liability of Kazakhstan in the sphere of combating crime and the use of the Chinese experience in dealing with them.

Key words: state, criminal responsibility, legislation.

Кіріспе

XX ғасырдың соңында КСРОның ыдырауымен оның кең – байтақ территориясында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Осындай мемлекеттердің

бірі – Қазақстан Республикасы. Қытай Қазақстанның тәуелсіздігін алдыңғылардың бірі болып таныды және тең дәрежеде дипломатиялық қатынас орнатты. Екі мемлекеттегі құқықтық реформалар жағдайында қалыптасқан құқық жүйесінің өзара байланысы, олардың түрлері мен бағыттарының қызметі қызығушылық туғызады. Қазақстан мен Қытай арасындағы құқықтық ынтымақтастықты объективті бағалау достық елдерінің тұрғындары мен құқық қорғау органдары мамандарының құқықтық санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстан – Қытай ынтымақтастығы жоғары деңгейдегі қатынастардың қарқынды дамуымен және сенімді шарттық–құқықтық базасымен сипатталады.

Зерттеу әдіснамасы

Екіжақты қарым – қатынастың заңдық негізі түрлі салалардағы 230 шарттар мен келісімдерден тұрады. Олардың негізгілерінің қатарында 2002 ж. желтоқсанда Бейжіңде қол қойылған Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарты және ҚР мен ҚХР мемлекет басшыларының жан – жақты стратегиялық әріптестік қатынасының жаңа деңгейі туралы бірлескен декларациясы (2015 ж. тамыз, Бейжің).

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2015 ж. 31 тамыз – 3 қыркүйектегі ҚХР – ға мемлекеттік сапарының барысында жалпы құны 23 млрд. АҚШ долларынан астам бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Үкіметаралық деңгейде ҚР – ҚХР ұдайы кездесулерінің тетігі жұмыс істейді.

2015 ж. 26 – 28 наурызда ҚР Премьер – Министрі К. Мәсімовтің Қытайға жұмыс сапары және Боаолық азиялық форумның кезекті сессиясына қатысуы өтті. Сапар барысында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесу және ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Кэцянмен келіссөздер жүргізілді. Сапардың нәтижесі бойынша инвестициялық, өнеркәсіптік, сондай – ақ сауда және энергетика салаларындағы ауқымды бірқатар құжаттарға қол қойылды.

2015 ж. 12 – 16 желтоқсанда ҚР Премьер – Министрі К. Мәсімовтің Қытайға ресми сапары және ШЫҰ – ға мүше – мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесінің отырысына қатысуы өтті. Сапар барысында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесу және ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Кэцянмен келіссөздер жүргізілді. Сапардың нәтижесі бойынша бірқатар құжаттарға, соның ішінде Үкіметтер басшыларының бірлескен мәлімдемесіне, 2015 – 2020 жылдарға арналған ҚР – ҚХР шекаралық ынтымақтастық бағдарламасына, ҚР мен ҚХР үкіметтері арасындағы индустрияландыру және инвестиция саласындағы ынтымақтастық шеңберіндегі іскерлік мақсатта виза рәсімдеу тәртібі туралы келісімге, ҚР ҚМ Мемлекеттік кіріс комитеті мен ҚХР Мемлекеттік кедендік басқармасының арасындағы қазақстандық – қытайлық шекарада «Сенім» жобасын іске асыру туралы хаттамаға және басқаларға қол қойылды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс – әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден – бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

Қылмыстық әрекеттердің бірқатары бойынша ҚХР ҚК – нде ҚР ҚК – мен салыстырғанда қылмыстық жауаптылық жәбірленушінің жасына байланысты бөліп қарастырылмаған. Осылайша, ҚХР ҚК 295 бабына сәйкес, «қылмыстық әрекет жолдарына үйрету» ауырлататын мән – жайлардың бар – жоқтығына және сипатына байланысты үйретуші тұлғалардың жасына тәуелсіз 5 жылдан бастап бас бостандығынан айырылуы немесе өлім жазасына кесілуі мүмкін. ҚХР ҚК қатаң жаза

түрімен және қысқа мерзімді қамаудан өлім жазасына дейінгі кең ауқымымен ерекшеленеді [1].

ҚР және ҚХР қылмыстық кодекстеріне салыстырмалы талдау біздің еліміздің қылмыстық кодексі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды толық қамтамасыз ете алатынын көрсетті. Кейбір қылмыс түрлері толық бөліп қарастырылмаса да, мұндай қылмыстық әрекеттердің қоғамға қауіптілігі жоққа шығарылмайды. ҚР ҚК – не ҚХР ҚК – нің 260 бабына ұқсас отбасы мүшелеріне қатыгездік жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылғаны жөн болар. Себебі қазіргі таңда отбасындағы зорлық – зомбылық мәселесі кең ауқым алуда.

Осылайша, ҚР және ҚХР қылмыстың заңнамасы бойынша қылмыстық жауаптылық мәселесін талдауадам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда ортақ ұстанымдармен қатар, әлеуметтік – экономикалық, мәдени – рухани, саяси – құқықтық және басқа да бірқатар факторларға тәуелді заң шығару процесі мен құқыққолдану тәжірибесінің ұлттық ерекшеліктері де бар екенін көрсетті. Алайда бұл нәтиже ҚР ҚК халықаралық стандарттардың талабына сәйкес келеді және қазіргі заманғы құқықтықтенденциялардың жалпы бағытын көрсетеді деген тұжырым жасауға кедергі етпейді.

Қазіргі әлемдегі көптеген елдерде қылмыстық әрекеттердің ішінде ең қауіптілерінің бірі болып контрабанда саналады. Бұл кездейсоқ тағдау емес, себебі контрабанда кез келген мемлекеттің экономикалық мүддесіне үлкен нұқсан келтіреді. Қылмыстың бұл түрі мемлекеттік және кедендік шекаралар пайда болуымен туындауы әбден мүмкін. Қазіргі таңда контрабанда әлемнің барлық мемлекеттерінде бар деген түсінік қалыптасқан. Әр мемлекетте шекарадан алып кетуге тыйым салынған немесе шектелген заттардың тізімі жасалған. Әрине бір мемлекеттің мұндай қылмыспен күресуі мүмкін емес, алайда мұндай қылмыстың санын азайту мақсатында құқықтық және экономикалық сипаттағы шаралар қабылдау қажет.

ҚХР Қылмыстық кодексінде мұндай қылмыс түрі үшін жауапкершілік 3 тарауда «Социалистік нарықтық экономикалық тәртіпке қарсы қылмыстар» қарастырылған. Аталмыш тарау жеті баптан 151 – 157 баптардан тұрады [2].

Осы баптарға талдау жасау барысында қытайлық заңнамада қылмыс құрамының нақты анықталғанын байқадық.

ҚР ҚК 15 бабының 1 тармағына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады. Ал ҚХР ҚК 30 бабына сәйкес қоғамға қауіпті әрекетті жүзеге асырушы компаниялар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, ұжымдар ұйымдар немес мекемелер жасаған қылмыстар үшін осы Кодексте бекітілген ережелерге сәйкес қылмыстық жауаптылыққа жатады. Демек, қытай заңнамасы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын мойындайды. Ал Қазақстанда бұл мәселе енді енді талқыланып жүр. Бұл орайда Қытайдың тәжірибесін зерттеу үлкен нәтижелерге алып келері сөзсіз.

Қытайда контрабанда үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстанмен салыстырғанда, қаталдау. Мысалы, 2012 жылы Сямэнь қаласының Халық соты Лай Чансинді тауар контрабандасы мен мемлекеттік қызметшіні параға сатып алғаны үшін өмір бойы саяси құқықтарынан айыру, барлық мүлкін тәркілеуді қоса алғанда, өмір бойы түрме қамауына алынды. Сот айыпталушы Лай Чансин бастаған қылмыстық топ 1995 жылдан 1999 жылдан бері темекі, автокөлік, мұнай өнімдері, өсімдік майы, химия және текстиль өндірісінің шикізатын үлкен көлемде заңсыз саудалаумен айналысқан [2].

Қорытынды

Қытайдағы антиконтрабандалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер экономикалық дамуды тәртіпке келтіруге және әлеуметтік тұрақтылықты қалпына келтіруге жәрдемдесті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының қылмыстық жауаптылық мәселелері қосымша талқылауды талап етеді.

Әдебиет:

1. ҚХР қылмыстық кодексі // <http://asia-business.ru/law/law1/criminalcode/criminal/#5>.
2. Ахметшин Х.М., Ахметшин Н.Х., Петухов А. А. Современное уголовное законодательство КНР. М.: ИД «Муравей». 2003. – 432 с.
3. Lyutov V. A. Comparative-law analysis of criminal responsibility for contraband under the criminal legislation of the Russian Federation and the People's Republic of China // ("Международное уголовное право и международная юстиция", 2013, N 3.

ӘОЖ 8 (1751)

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еспенова Т.Т.

(филология магистрі, Т.Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА, аға оқытушы, Алматы қ.,
Қазақстан, tolkun_espénova@mail.ru)

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу мәселесі қарастырылған. Жаңа реформаның алдын – алған тарих процесстерге, дамудың үздіксіз үрдісі мен тарихи сабақтастығына сараптама берілген. Автор Тәуелсіздікке қол жеткізген, жаңа мемлекеттің қалыптасуынан кейінгі өзгерістердің негізділігі мен қисындылығын дәлелдеу мақсатын алдына қояды. Филология ғылымының дамуында жаңа бір кезеңнің басталуы латындандыру бойынша жаңа зерттеулерді қажет етеді. Соған байланысты мақалада келтірілген ақпарат өз болашағын қазақ тілін зерттеу мен дамытумен байланыстыратын мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: латын графикасы, рухани жаңғыру, тіл, қазақ әліпбиінің тарихы, «жаңа емле», апокриф.

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос перехода казахского алфавита на латинскую графику. Дается исторический анализ процессам предшествовавшим новой реформе, непрерывность развития и историческая преемственность. Автор ставит задачу доказать обоснованность и логичность изменений, последовавшими за обретением Независимости и становления нового государства. Начало новой страницы развития филологической науки нуждается в новых исследованиях по латинизации. В связи с этим информация приведенная в статье может быть полезна для молодых специалистов связывающих свое будущее с исследованием и развитием казахского языка.

Ключевые слова: латинская графика, духовное возрождение, язык, история казахского алфавита, «новая орфография», апокриф.

Annotation

In this article, the question of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin schedule is considered. Historical analysis is given to the processes preceding the new reform, continuity of development and historical continuity. The author sets a task to prove the validity and consistency of the changes that followed the gaining of Independence and the formation of a new state. The beginning of a new page in the development of philological science needs new research on romanization. In this regard, the information given in the article can be useful for young professionals linking their future with the study and development of the Kazakh language.